

Қазақстан Республикасы мен Болгария Республикасы арасындағы достық қарым-қатынастар мен ынтымақтастықты одан әрі дамыту туралы ДЕКЛАРАЦИЯ

ДЕКЛАРАЦИЯ София қаласы 1999 жылғы 15 қыркүйек. 1999 жылғы 15 қыркүйекте күшіне енді.

Біз, Қазақстан Республикасының Президенті мен Болгария Республикасының Президенті,

Қазақстан Республикасы мен Болгария Республикасы арасындағы, оның ішінде халықаралық тұрғыдағы, үшінші мыңжылдық табалдырығындағы қарым-қатынастың жәй-күйі мен даму перспективасына қатысты болып өткен пайдалы және тереңдетілген пікір алмасуды атап өте отырып,

Қазақстан Республикасы мен Болгария Республикасы арасындағы Достық қарым-қатынастар мен ынтымақтастық туралы 1993 жылғы 30 шілдедегі шарттың U962748_ ережелерін, сондай-ақ басқа да екі жақты келісімдер мен уағдаластықтарды басшылыққа ала отырып,

өзара мүдделілік білдіретін салалардағы достық қарым-қатынастарды және тең құқықты әрі өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі дамытуға ұмтыла отырып,

халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған нормаларына, Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының мақсаттары мен принциптеріне, Хельсинки Қорытынды актісінің ережелеріне және Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымның басқа да құжаттарына өзіміздің адалдығымызды қуаттай отырып,

осы Декларацияны қабылдаймыз және төмендегілер туралы мәлімдейміз: саяси, экономикалық, мәдени, гуманитарлық және басқа да салаларда айтарлықтай әлеуеті бар екі мемлекеттің арасындағы қарым-қатынастардың жәй-күйі мен перспективасын оң бағалаймыз;

екі жақты ынтымақтастықтың дамуын аймақтық және ғаламдық ауқымдағы бейбітшілік пен тұрақтылықты одан әрі нығайтудың кепілі ретінде қараймыз;

жаңадан бөлу сызықтары мен қарама-қайшылықтардың туындауын болдырмайтын, сондай-ақ әлемдік қоғамдастық елдерінің тұрақты дамуы мен экономикалық гүлденуіне негізделетін жаңа қауіпсіз әрі мызғымас әлемдік құрылыс принциптерін айқындауға қызмет ететін жетекші халықаралық ұйымдар шеңберінде неғұрлым тығыз өзара іс-қимылдың өсе түсіп отырған қажеттілігін атап өтеміз;

жетекші еуропалық бірлестіктермен және ұйымдармен, атап айтқанда, Еуропалық Одақпен, Еуропа Кеңесімен ынтымақтастықты дамытуға және жақындасуға деген ұмтылысымызды қуаттаймыз әрі бұл салада бір-бірімізге жәрдем көрсетуге даярлығымызды білдіреміз;

екі жақты қарым-қатынастың шарттық-құқықтық негізінің айтарлықтай әлеуетін атап өтеміз және оны мейлінше толық пайдалану қажеттігіне назар аударамыз;

екі жақты негізде де, сондай-ақ халықаралық және аймақтық ұйымдар шеңберінде де халықаралық терроризмге, ұйымдасқан қылмысқа, есірткілердің заңсыз айналымына, жасырын көші-қонға, сыбайлас жемқорлыққа, несие-қаржы және банк жүйесіндегі заңсыз қызметке қарсы күресте ынтымақтастықты кеңейту мен күш-жігерді үйлестіру туралы уағдаластыққа қол жеткіздік;

аймақтық және трансаймақтық маңызы бар инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруда Қазақстан Республикасы мен Болгария Республикасының ынтымақтастыққа дайын екенін қуаттаймыз;

Трансеуропалық және трансазиялық көлік жүйелерін пайдалануда Орталық Азия мен Кавказ елдеріне тұрақты рұқсат беру үшін Еуропа-Кавказ-Азия (ТРАСЕКА) көлік дәлізін және Еуропаға мұнай мен газ тасымалдаудың ИНОГЕЙТ халықаралық бағдарламасын іске асырудың өмірлік айрықша мәнін атап өтеміз және екі елдің сауда-экономикалық қарым-қатынастары мен көліктік байланыстарын дамыту үшін оның маңызын атап көрсетеміз;

Болгария Республикасының Президенті аймақтық тұрақтылық пен бейбітшілікті нығайту жөніндегі Қазақстан Республикасының сындарлы күш-жігерін қуаттайды, Азиядағы өзара іс-қимыл мен сенім білдіру шаралары жөніндегі кеңесті шақыруға қатысты оның бастамасын қолдайды, мұның өзі халықаралық қауіпсіздік жүйесіндегі жаңа маңызды буын, мемлекетаралық өзара қатынастарды үйлестіру құралы бола алар еді;

Болгария Республикасының Президенті үшінші мыңжылдықтың әлемдік қауымдастығындағы өз орнын тыңғылықты әрі жаңаша пайымдаудағы Қазақстан Республикасының ұмтылысына, 2030 жылға дейін даму стратегиясында K972030_ баяндалған ел дамуының перспективалары мен бағдарларына баса назар аударады;

Болгария Республикасының Президенті үшінші елдер, халықаралық ұйымдар және қаржы институттары Қазақстан Республикасында жүзеге асырып жатқан ашық несие желілеріне және инвестициялық жобаларға болгарлық компаниялардың қосылуына жәрдем көрсетуге қазақстандық тараптың даярлығын қуаттайды;

Қазақстан Республикасының Президенті Болгария Республикасының Еуропалық Одаққа қосылуы жолындағы ілгері басуын құттықтайды, бұл орайда Еуропалық Одаққа Болгарияның болашақта мүше болуы екі мемлекет арасында да, сондай-ақ Қазақстан мен Еуропалық Одақ елдерінің арасында да түрлі салаларда ынтымақтастықты одан әрі дамытуға және тереңдетуге мүмкіндік туғызатын болады деп сенім білдіреді;

Қазақстан Республикасының Президенті Болгария Республикасының Солтүстік Атлант Шарты Ұйымына мүшелікке ұмтылысына баса назар аударады және мұны қауіпсіздіктің еуроатландық құрылымдарына кірігу және сол арқылы құрлықтағы бейбітшілікті нығайтуға мүмкіндік туғызу тілегі деп қарайды;

Қазақстан Республикасының Президенті Оңтүстік-Шығыс Еуропаға қатысты Болгария Республикасы жүргізіп отырған және аймақтың тұрақтылығы мен дамуына, сондай-ақ тату көршілікті, қауіпсіздікті, осы аймақтың мемлекеттерінің арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған белсенді және сындарлы саясатын толық қолдайтындығын білдіреді;

Оңтүстік-Шығыс Еуропадағы тұрақтылық туралы пактіні қолдаймыз және оны қолдану экономикалық және әлеуметтік даму негізінде аймақтағы орнықты тұрақтылыққа қол жеткізуге, қауіпсіздікті нығайтуға, демократиялық институттар мен этникалық төзімділіктің салтанат құруына мүмкіндік туғызады деп сенім білдіреміз;

екі мемлекет Парламенттері арасындағы байланыстарды одан әрі дамытуға және тәжірибе алмасуға жәрдемдесу ниетін қуаттаймыз;

екі жақты сауда-экономикалық байланыстар әлеуетін анағұрлым толық пайдалану және жұмыспен қамту мәселелерін шешу мақсатында бірлескен шағын және орта кәсіпорындарды құруға жәрдем көрсету туралы уағдаластыққа қол жеткіздік;

экономика, өнеркәсіп, ғылым мен техника, энергетика мен құрылыс, мәдениет, білім және денсаулық сақтау салаларында ынтымақтастықты одан әрі дамыту қажеттілігін қуаттаймыз;

экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге басым маңыз бере отырып, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану саласында тығыз ынтымақтастықты дамытуға келістік, әлемдік қауымдастықты, халықаралық ұйымдарды және қаржы институттарын Арал теңізі өңіріндегі және бұрынғы Семей ядролық полигоны аймағындағы әлеуметтік проблемаларды шешуге әрі халықтың денсаулығын сауықтыруға жәрдем көрсетуге шақырамыз.

София қаласында 1999 жылғы 15 қыркүйекте әрқайсысы қазақ, болгар және орыс тілдерінде екі дана болып жасалды.

(Қолдары)

М а м а н д а р :
Қ а с ы м б е к о в Б . А .

Багарова Ж.А.